

Шектеу іс-шараларын алып тастау және Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 5 "Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 10 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 5581 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 02-05/136 ұсынысы негізінде, Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Құтыру ауруының ошақтарын жоюға қатысты ветеринариялық іс-шаралар кешенінің жүргізілуіне байланысты Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесінде шектеу іс-шаралары алып тасталсын.

2. Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 ақпандағы № 5 "Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылының Құрмантаев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5457 болып тіркелген, 2020 жылғы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Түркістан облысы Сайрам ауданының Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жариялағаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК